

Лабораториялық жұмыс 8. Тапсырманың (Task) жалғасын құру.

Лабораториялық жұмыстың мақсаты: Студенттерде тапсырмалардың жалғасын құру дағдыларын қалыптастыру.

Лабораториялық жұмысты орындау нәтижесінде студенттер келесі қабілеттерге ие болады:

- Тапсырманы лямбда-өрнек түрінде жүзеге асыру;
- Тапсырманың жалғасын құру;
- Тапсырмалар тізбегін аткару.

Тапсырма: Төменде берілген мысалдармен танысып, нұсқа бойынша берілген есептерде ағындарды тапсырмалар түрінде жүзеге асырып, мүмкіндігінше, тапсырмалардың орындалу реттілігін орнатыңыз және тапсырмаларды бір-бірінің жалғасы ретінде орындаңыз. Атқарылатын әрекеттерді лямбда-өрнектер арқылы жүзеге асыруға тырысыңыз.

Тапсырманың жалғасын құру мысалы

```
using System;
using System.Threading;
using System.Threading.Tasks;
class ContinuationDemo {
    // Тапсырма ретінде орындалатын әдіс
    static void MyTask() {
        Console.WriteLine("MyTask() іске қосылды");
        for(int count = 0; count < 5; count++) {
            Thread.Sleep(500);
            Console.WriteLine("MyTask() әдісіндегі санауыш мәні: " + count );
        }
        Console.WriteLine("MyTask аяқталды");
    }
    // Тапсырманың жалғасы ретінде орындалатын әдіс.
    static void ContTask(Task t) {
        Console.WriteLine("Жалғасы іске қосылды");
        for(int count = 0; count < 5; count++) {
            Thread.Sleep(500);
            Console.WriteLine("Жалғасында санауыш мәні: " + count );
        }
        Console.WriteLine("Жалғасы аяқталды");
    }
    static void Main() {
        Console.WriteLine("Негізгі ағын іске қосылды.");
        // Алғашқы тапсырманың объектісін құру
        Task tsk = new Task(MyTask);
        // Тапсырманың жалғасын құру
        Task taskCont = tsk.ContinueWith(ContTask);
        // Тапсырмалар тізбегін іске қосу.
        tsk.Start();
        // Жалғасының аяқталуын күту.
```

```
taskCont.Wait();
tsk.Dispose();
taskCont.Dispose();
Console.WriteLine("Негізгі ағын аяқталды.");
}
}
```

Тапсырмалар

1-нұсқа

Матрицаны векторға көбейтуді орындаңыз. Матрицаның әрбір жолы жеке ағында өнделуі тиіс.

2-нұсқа

Берілген аралыққа жататын барлық жай сандарды табыңыз. Тапсырманы орындау үшін классикалық Евклид алгоритмін қолданыңыз. Берілген аралықты кіші аралықтарға бөліп, әрбір ішкі аралықты жеке ағында өндептіңде.

3-нұсқа

Аю мен аралардың өзара байланысу процесін бейнелейтін программа құрыңыз. N араның әрқайсысы бал жинауга қатысады: бір рет бал жинауға шыққанда барлығы бірдей мөлшерде (M_1) бал жинаиды және оған кездейсоқ уақыт жұмсайды. Аю X уақыт ішінде M_2 мөлшерінде балмен қоректенеді және келесі X уақытта азықсыз тіршілік ете алады. Әрбір араның жұмысын жеке ағында жүзеге асырыңыз.

4-нұсқа

Шарлардың қозғалысын бейнелейтін программа құрыңыз. N шар берілген. Олардың тік және көлденең координаталары кездейсоқ шамаларға өзгереді. Егер шар берілген аймақ шекарасынан төмен түссе, жоғалып кетеді. Әрбір шардың координатасының өзгеруін жеке ағында жүзеге асырыңыз.

5-нұсқа

Топтардың қарсыласуын бейнелейтін программа құрыңыз. Ойыншылардың N тобы бар. Әрбір топтың ойыншылар саны кездейсоқ шамаға артады және қарсылас топтың кездейсоқ ойыншылар санын жояды. Әрбір топтар жұбының өзара қарсыластығы жеке ағында жүзеге асырылуы тиіс.

6-нұсқа

Бақылау суммасы. Өлшемдері әртүрлі N файл берілген. Әрбір файл үшін бақылау суммасын (файлдың барлық символдары кодтарының қосындысын) анықтау керек. Әрбір файл жеке ағында өнделуі тиіс.

7-нұсқа

Кедергілі жүгірісті бейнелейтін программа құрыңыз. Жүгіруге арналған трассаның матрица түріндегі шартты картасы жасалады. Матрицаның ені жүгірушілер санына тең, ал биіктігі бекітілген, кездейсоқ ұяшықтарға орналастырылған кездейсоқ кедергілер саны бейнеленеді. Жүгірушілер трасса бойымен жылжи отырып, кедергіге кезіккен жағдайда нақты анықталған уақытқа бөгеледі. Мәреке жеткен жүгірушілер өздерінің нөмірлерін хабарлайды. Әрбір жүгірушінің жұмысын жеке ағында жүзеге асырыңыз.

8-нұсқа

Қойлар мен қасқыр ойынын бейнелейтін программа құрыңыз. Бірнеше қой мен

Қасқырдың қозғалыстарын бейнелейтін программа құру қажет. Қасқыр мен қойдың координаталары сәйкес келген жағдайда, қой жоғалады. Егер екі қойдың координаталары сәйкес келсе, жаңа қой пайда болады. Қасқыр мен қойлар кездейсоқ қозғалады. Әрбір қойдың қозғалысын жеке ағында жүзеге асырыңыз.

9-нұсқа

$Y=23*x^2-33$ функциясының мәндерін $x=0.01$ қадамымен есептеуді орындаңыз. Есептеген мәндер х мәндерімен қатар жиынға жазылып отыруы тиіс. Жиынға жазылған х және у мәндерін экранға шығару керек. Мәндерді есептеу және жиынға жазу бір ағында, мәндерді жиыннан оқып, экранға шығару жеке ағында орындалуы тиіс.

10-нұсқа

Мәліметтер жиымын сұрыптау және сұрыптау күйін экранда бейнелеу. Бірінші ағында жиынды өсу реті бойынша, екінші ағында кему реті бойынша сұрыптау орындалуы тиіс. Әрбір элементтің орны ауысқанда экранда жиынның ағымдағы қүйі бейнеленеді.

11-нұсқа

0 мен 9 аралығынан кездейсоқ сандарды генерациялайтын 3 ағын құрыңыз. Белгілі бір батырманы басқанда генерациялау тоқтатылып, генерацияланған сандар тізбектерінен келесідей ішкі тізбектерді іздеу қажет: қатар орналасқан үш бірдей сан, қатар орналасқан екі бірдей сан. Әрбір ағындық тізбек үшін осы ішкі тізбектер санын анықтаңыз.

12-нұсқа

Берілген аралықтан Фибоначчи сандарын іздейтін ағынды және жай сандарды іздейтін ағынды құру қажет. Сандар тізбектері екі жеке файлға жазылады, экранға сандар тізбектері және олардың мөлшері шығарылады.

13-нұсқа

Берілген файл құрамынан берілген тіркесті іздеу программасын құрыңыз. Әрбір файлдың қатары жеке ағымда өнделуі тиіс.

14-нұсқа

Файлға кездейсоқ мәліметтер жазып, оларды оқып, экранға шығару программасын құрыңыз. Файлға мәліметтерді жазу мен оларды оқып, экранға шығару екі жеке ағында орындалуы тиіс.